

2024 жылғы 04.11–14.11.2024ж қараша аралығында Алматы технологиялық университетінде жатақханада тұратын студенттер арасында әлеуметтік сауалнама.

Жатақханада тұратын студенттердің тұрмыс жағдайларына қанағаттанушылығына әсер ететін әлеуметтік және психологиялық факторларды анықтау мақсатында қазақ және орыс тілдерінде сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 943 студент қатысты, оның ішінде 627 студент қазақ тілінде, 316 студент орыс тілінде жауап берді. Қатысушылардың жатақханалар бойынша бөлінуі келесідей: бірінші жатақханадан — 5,1%, екінші жатақханадан — 56%, үшінші жатақханадан — 8%, төртінші жатақханадан — 10,2%, бесінші жатақханадан — 20,6%.

Сауалнама талдауына жатақханада тұратын студенттердің 76,6%-ы қатысты. Экономика және бизнес факультетінің студенттері зерттеуге қатысу белсенділігінің төмендігін атап өткен жөн.

Сауалнама сұрақтары:

Сұрақтары		Жауаптары	Нәтижелері
1 сұрақ	Сіз қолдана алатын тоңазытқыш бар ма?	Иә	849 – 90%
		жоқ	94 – 10%
2 сұрақ	Теледидар көруге мүмкіндік бар ма?	Иә	59 – 6,2%
		жоқ	884 – 97,7%
3 сұрақ	Асханада жасалған жағдайлар сізді қанағаттандыра ма?	Иә	749 – 79,4%
		жоқ	194 – 20,5%
4 сұрақ	Душ жұмыс кестесі сізге қолайлы ма?	Иә	806 – 85,4%
		жоқ	137 – 14,5%
5 сұрақ	Интернет желісіне қолжетімділікті бағалаңыз	жақсы	611 – 64,7%
		қанағат	240 – 25,5%
		жаман	92 – 9,8%
6 сұрақ	Жатақханаға қатысты мәселелер туындағанда кімге жүгінесіз?	студенттік кеңеске	251 – 26,6%
		жатақхана меңгерушісіне	524 – 55,5%
		бөлмелес көршілерге	21 – 2,2%
		студенттер кәсіподағына	28 – 3%
		жатақханадағы достарыма	82 – 8,6%
		басқа адамдарға	37 – 4%
7 сұрақ	Жатақхана меңгерушісінің жұмысын қалай бағалайсыз?	оң көзқарастамын	812 – 86,1%
		теріс көзқарастамын	105 – 11,1%
		ешқандай көзқарасым жоқ	26 – 2,7%
8 сұрақ	Қызмет көрсетуші персоналдың (вахтерлердің) жұмысын қалай бағалайсыз? 1-ден 5-ке дейін бағалаңыз, мұндағы 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы	1	13 – 1,4%
		2	24 – 2,5%
		3	95 – 10%
		4	201 – 21,3%
		5	610 – 64,6%
9 сұрақ	Жатақханадағы өзін-өзі басқару органдарының(студенттік кеңестің) жұмысын қалай бағалайсыз?	жаман	57 – 6%
		қанағат	319 – 33,8%
		жақсы	567 – 60,1%
10 сұрақ	Сізге жатақханада тұру ұнайды ма?	иә	679 – 72%
		жоқ	65 – 6,8%
		білмеймін	199 – 21,1%

Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша қорытынды.

Студенттердің жатақханадағы өмір сүру жағдайларына қанағаттануын анықтау мақсатында 1–4 курс аралығындағы 943 студент арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Олардың ішінде 627 студент қазақ топтарында, 316 студент орыс топтарында оқиды. Сауалнамаға қатысқан студенттердің жатақханалар бойынша үлесі: бірінші жатақхана – 5,1%, екінші – 56%, үшінші – 8%, төртінші – 10,2%, бесінші – 20,6%. Жалпы, жатақханада тұратын студенттердің 76,6%-ы сауалнамаға қатысты.

Тұрмыстық жағдайлар бойынша келесі нәтижелер алынды: сауалнамаға қатысқандардың 90%-ы тоңазытқышты пайдалану мүмкіндігі бар екенін айтты, ал 97,7%-ы теледидар көру мүмкіндігінің жоқтығын атап өтті. Ас үй жағдайларына 79,4% студент қанағаттанған, душ қабылдау кестесіне – 85,4%, интернет сапасына – 90,2%.

Тұрғын мәселелер туындағанда, 55,5% студент жатақхана меңгерушісіне жүгінеді, ал 26,6% студенттік кеңеске жүгінеді. Жатақхана меңгерушісінің жұмысына 86,1% қатысушы оң баға берді, ал вахтерлердің қызметі бес балдық шкала бойынша «өте жақсы» деп 64,6% студент бағалады. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына 60,1% респондент оң баға берді. Жалпы алғанда, 72% студент өз жатақханасын ұнататынын атап өтті.

Сауалнама барысында студенттер тарапынан айтылған барлық ұсыныстар мен ескертулер университет басшылығына жеткізіліп, оларды болашақта тәжірибеге енгізу мүмкіндігі қарастырылатын болады.